

**С. Торайғыров – қазақ халқының ХХ ғасыр
басындағы
аса көрнекті ақыны, газет ақыл-ойшысы.
Ол – ұлы
Абай дәстүрін жалғастырушы. Ол – қазақ
халқының
ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті
аталатын тұтас
дәуірдің айрықша ұлы тұлғасы.
Бейсенбай Кенезебаев**



*Сұлтанмахмұт
Торайғыров*



Торайғыров
Сұлтанмахмұт

(1893—1920)

Сұлтанмахмұт Торайғыров

1893 жылы 28 қазан айынында Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. Оның әкесі Шоқпыт (Әбубәкір) атанған кедей момын шаруа адамы болған. Шоқпытта екі баласы болған:

Байқоңыр. Сұлтанмахмұт.


Сұлтанмахмұт екі жасында шешесі өліп, жетімдікті көріп өседі. Әкесі әйелі өлген соң балаларын алып, өзінің туған жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшеді. Ақынның балалық шағы Баянауылда өтеді. Алғашқыда ол Әлі, Тортай, Мұқан деген ауыл молдаларынан оқиды.

- Сұлтанмахмұт алты жасында әкесінен оқып, хат таниды. Бұдан кейін де Шоқпыт бірде өзі оқытып, енді бірде ауыл молдаларына беріп, баласының оқуын үзбейді. Болашақ ақын 1902-1903 жылдары – Әлі, 1904-1905 жылдары – Тортай, 1906-1907 жылдары Мұқан деген молдалардан дәріс алады. Сұлтанмахмұт үшін әсіресе Мұқан молданың тәрбиесі ерекше болады. Мұқан молда көп оқыған, әдебиеттен хабары бар, өзі де аздап өлең жазатын адам болады. Оқушыларын үнемі қазақ ауыз әдебиетінің, шығыс әдебиетінің үлгілерімен таныстыра отырып, шәкірттерін өлең жазуға баулады.

- Троицк, Семей, Томск сияқты ірі қалаларда барып оқуын жалғастыруға ниеттенсе де, қамқоршысы мен қаржының жоқтығынан, тұрмыстың қиыншылығынан ол мақсаты орындалмайды. Бірақ оптимист Сұлтанмахмұт өз бетімен ізденіп көп оқыды, ғылымның әралуан саласынан хабардар болды, сөйтіп заманының оқымысты жастарының біріне айналды.

Шығармашылығы

- Адасқан өмір
- Кедей
- Жарқынбай
- Кім жазықты
- Қамар сұлу
- Жақсылық көрсем өзімнен



- Реалист-ақын 20 ғ. әдебиетінде жаңа жанрлар туғызды, роман жанрының, реалистік поэманың қалыптасуына әсер етті. Оның адам өмірінің мән-мағынасы жайлы «Адасқан өмір» поэмасы, 20 ғ. басындағы қазақтың іріп-шіріген билеуші табының өскен, тәрбие алған ортасы, ескілікке қарсы үн көтерген «Қамар сұлу» шығармасы, жастарды асқақ қиял, зор талапқа бастайтын лирикасы — оны қазақ әдебиетіндегі демократтық әдебиеттің ірі өкілі етті.

- Қазақ ұлттық мәдениетінің көрнекті қайраткері, ХХ ғасыр басындағы қазақ өмірінің шежірешісі болған ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров 1920 жылы 21 мамырда дүниеден өтеді. Ақын бар жоғы 27 жыл ғана өмір сүрді...

Ақын,
жазушы

Әкесі
Әбубәкір

1893 жылы
Ақмола
облысы,
Қызыл ту
ауданында
туған



Аманмахмұт Торайғы
(1893-1920)

1920 жылы
дүниеден
өткен

Кедейден
шыққан өкіл,
кедейдің
мұқтажын
жырлаған.
**«Кедей», «Кім
жазықты?»**

Оқуға, білімге
шақырған ақын.
**«Шәкірт
ойы»,
«Оқығандағы
мақсат не?»
«Қамар сұлу»**

- ▶ 1893ж Көкшетау облысы, Қызылту ауданында өмірге келді. .
- ▶ 1902- 1907ж. Әкесі ауыл молдаларына (Әлі, Тортай, Мұқан) оқуға береді.
- ▶ 1908 ж. Баянауылда Әбдірахман молданың медресесінде 2 жылдай оқиды.
- ▶ 1911ж. Нұрғали Бекбауов деген мұғалімнен сабақ алады.
- ▶ 1912ж. Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі.
- ▶ 1912-1913ж. Өлеңдерін, “Зарландым” атты очерк жазды, “Қамар сұлу” романын жазуды бастады.
- ▶ 1913ж. “Айқап” журналында жауапты хатшы болып жұмыс істейді.
- ▶ 1914ж. Баянауылға оралады.
- ▶ 1914ж. Оқу іздеп Семейге барады, бірақ діндеген оқуына түсе алмайды.
- ▶ 1915ж. “Кім жазықты?” атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелді.
- ▶ 1915-1916жж. Тарбағатайдағы Терісарық болысындағы Құрбан қажының ауылында бала оқытады.
- ▶ 1916ж. Томскіге барады, Әлімхан Ермековтер ашқан дайындық курсына түсіп, орысша білім алады.
- ▶ 1917ж. Ақпан төңкерісінен кейін Семейде құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатынасып, “Алаш ұранын” жариялайды.
- ▶ 1918ж ауруы асқынып, оқуды да, жұмысты да тастап, еліне біржола оралады.
- ▶ 1918-1919жж. “Адасқан өмір”, “Кедей” поэмаларын жазды.
- ▶ 1920ж. 21 маусымда аурудан қайтыс болды.

Шығамын тірі болсам адам болып

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып,
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып.


Мен балаң, жарық күннен сәуле құған,
Алуға, күнді барып, белді буған.
Жұлдыз болып көмеймін елдің бетін.
Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп, тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.





Өмірі қысқа болғанмен, жырларының
ғұмыры ұзаққа созылды. Ақын бақыты
да сонда.



*С.Торайғыров – қазақ тарихында
ой санасы ең қырағы, ең қанатты,
ең қазыналы қайраткерлердің бірі.*

Темірғали Нұртазин